

Еңбекшілдер ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № А-4/146 қаулысы. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 мамырда 1-10-161 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 1106 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 30.10.2014 № 1106 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығын мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10-тармағына, «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 355 және «Солтүстік Қазақстан ауылшаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2012 жылғы 3 мамырдағы № 172 байламдары негізінде, Еңбекшілдер ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбекшілдер ауданы 2012 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Еңбекшілдер ауданының әкімінің орынбасары **Б.Ш.Қалиевке** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **А.Садуақасұлы**
Еңбекшілдер аудан әкімдігінің
2012 жылғы 7 мамырдағы

ҚОСЫМША

Еңбекшілдер ауданында 2012 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсынұ мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдері

№ р/р	Дақылдардың атауы		Өтінімді мерзімдері	беру	Е г у мерзімдері	
1	Орташа–кеш бидай	жаздық	14 15 маусымға дейін	мамырдан	14-25 аралығында	мамыр
2	Орташа жаздық бидай	пісетін	16 15 маусымға дейін	мамырдан	16-28 аралығында	мамыр
3	Орташа–ерте бидай	жаздық	18 15 маусымға дейін	мамырдан	18-31 аралығында	мамыр
4	Жаздық сұлы	арпа мен	27 15 маусымға дейін	мамырдан	27 2 маусымға дейін	мамырдан
5	Қарақұмық		25 15 маусымға дейін	мамырдан	25 мамыр - 5 маусым аралығында	
6	Бұршак		20 15 маусымға дейін	мамырдан	20-27 аралығында	мамыр
7	Ноқат		12 15 маусымға дейін	мамырдан	12-14 аралығында	мамыр
8	Майлы себілетін күнбағыс	тұқымға	12 15 маусымға дейін	мамырдан	12-15 аралығында	мамыр
9	Рапс		15 15 маусымға дейін	мамырдан	15-25 аралығында	мамыр
10	Майлы зығыр		17 15 маусымға дейін	мамырдан	17-27 аралығында	мамыр
11	Сафлор		12 15 маусымға дейін	мамырдан	12-17 аралығында	мамыр
12	Картоп		12 15 маусымға дейін	мамырдан	12-20 аралығында	мамыр
13	Көкөніс		12 15 маусымға дейін	мамырдан	12 15 маусым дейін	мамырдан
14	Бір жылдық шөптер		17 15 маусымға дейін	мамырдан	17-25 аралығында	мамыр
15	Көп және тұқымдас шөптер	жылдық дәнді бұршак	12 15 маусымға дейін	мамырдан	12-20 аралығында	мамыр
16	Сүрлемге жүгері	арналған	18 15 маусымға дейін	мамырдан	18-25 аралығында	мамыр
17	Күнбағыс жүгері	арналған	12 15 маусымға дейін	мамырдан	12-22 аралығында	мамыр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК